


ҚАРАЛЫ ҒАСЫРДЫҢ ҚАСІРЕТІ

(Невада-Семей қозғалысына -
20 жыл)

Қазақ елінің тарихындағы Кеңестік кезең жұмбағы, сыры, ақтаңдағы мол уақыт. Коммунизм елесінің жетегінде өткен жетпіс жылда Қазақстан Ресейдің тәжірибе жүргізетін басыбайлы сынақ алаңы қызметін атқарды. Қазақ халқын бағындыру үшін патша одан қалды, Кеңес Үкіметі аға ұлт өкілдерін мақсатты түрде қоныстандырды. Қолдан жасалған аштық, ұжымдастыру, екі рет ұйымдастырылған қызыл террор, алаш жұртын жер бетінен жою үшін бағытталды. Жерге ие болу құқығынан айрылған қазақтың жері- атом сынағының аймағына айналды.



Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1945 жылдың тамыз айында алпауыт екі державаның бірі - АҚШ Хиросимаға атом бомбасын тастады. 1946 жылы Кеңес Үкіметі биологиялық, химиялық және экологиялық бомбаларды дайындап, әскери қарудың тың түрімен жарақтануға білек сыбана кірісті. Сынақ алаңы ретінде Қазақстан таңдап алынды. Алғашқы сынақ 1949 жылы 29 тамызда Семейде жарылған болатын. Ғалым М. Тәтімовтің пікірінше, «бұл КСРО-дағы екінші ядролық полигон. Алғашқысы Қазақстанның батысында Нарын құмында болған. Ол шамамен соғыстың соңғы жылдарында пайда болса керек. Бірнеше жылдан соң әлдебір себептермен ол полигонды ядролық жер ретінде жауып тастаған. Егер қателеспесем сол сынақ полигоны Азғыр деп аталады. Оның да жер көлемі 12 мың шаршы шақырым. Азғырдың атом полигоны ретінде «жарамауының» бір себебі оның орыстың өзі қалың орналасқан жерге жақын болуынан» (М. Тәтімов. «Семей полигонының зардаптары». «Атамекен» газеті).

Жер планетасы жалпы саны 2053 атом сынағын бастан кешірсе, соның басым бөлігі әлемде үстемдік құрғысы келген екі державаның үлесіне тиеді екен. АҚШ қатерлі қаруға 1040 рет сынақ жасаса, Ресей 726 мәрте атом таяғына тәжірибе жүргізген. Ресейдің бастамасымен болған сынақтардың көпшілігі Қазақстанның шалғай аудандарында жүзеге асырылды.

- 1953 жылы Абыралы ауданында таңғы сағат жетіде күштілігі 500-1000 килотоннаны құрайтын әлемдегі ең алғаш сутегі бомбасына сынақ жасалды. 1959 жылы Арал қаласының солтүстік шығысында атом зарядының жер беті сынағы болды. 1949-1963 ж.ж. Семей полигонында 200-дей әуе және жерасты сынақтары жүргізілді. 1964-1989 ж.ж. Семейде 340 атом сынағы жасалды. 1966 жылы Атырау облысының Азғыр ауданынан 20 километр қашықтықта атом сынағының «халықшаруашылық» деп аталатын түрі 10 рет жасалды. 1972 жылы Шығыс Қазақстан облысы жеті жарылысты бастан кешірді. Маңғыстау үш рет, Оңтүстік Қазақстан облысы 2 рет, Торғай, Қостанай, Ақтөбе бір-бір реттен атом сынағының куәсі болды. Жалпы, 1949-1963 ж. ж. аралығында Қазақстанда 98 рет әуе ядролық жарылыстары, 1949-1989 ж.ж. аралығында 344 рет жер асты ядролық жарылыстары, 1949-1963 ж.ж. аралығында 26 рет жер үсті ядролық жарылыстары жасалды. (А. Серимова. «Тажал». «Түркістан» газеті. 29 маусым, 2001 жыл).

Кеңес Одағы тұсында атом бомбасына сынақ стратегиялық бағдарламасы қарқынды түрде жүргізілген. Дәлел ретінде, әлемге әйгілі академик А. Сахаровтың мәліметіне назар аударалық, 1965-1982 ж. ж. атом сынағының зардабынан дүниежүзі бойынша 6,2 млн.



адам көз жұмса, Қазақстанда 3206,4 мың жан өмірмен ерте қоштасқан. Бұған қоса дүниеге келген сәбилердің 3374 мыңы өмірге кемтар болып туылған.

Қазақстандағы ядролық полигон орталығы Семей жерінде орналасты. Оны құру үшін 1947 жылы 21 тамызда КСРО Министрлерінің кеңесінде арнайы қаулы қабылданды. 1948 жылы шілдеде алғашқы құрылысшылар келіп, құрылысты бастады. Полигон Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарында орналасты. Алып жатқан жер көлемі 18,5 мың шаршы шақырым. 1949-1991 жылдар аралығында полигонда 470 рет сынақ өткізілді. Ғалымдардың пікірінше ядролық полигонның демографияға тигізетін зияны мен болашақта генетикалық зардабы орасан зор. Демограф-ғалым М. Тәтімовтың пікірінше, ядролық полигонның экологиялық зардабын төрт радиуске бөліп қараған жөн. Бірінші шеңбер радиусы 150 шақырым аймақты қамтиды. Бұнда 200 мың халық тұрады. Оған полигонды қоршай жатқан бес-алты аудан енеді. Екінші шеңбер радиусы 300 шақырым жерді қамтып, онда 1 млн халық тұрады. Бұл аймаққа Семей, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан облысының кейбір аудандары жатады. Үшінші шеңбердің радиусы 500 шақырым. Бұл территорияда 5 млн. халық қоныстанған. Бұған Павлодар, Өскемен, Ақмола секілді қалалар енеді. Ал төртінші шеңбердің радиусы 775 шақырымға дейін жетіп, Алматы, Омбы, Новосибирск секілді миллиондаған тұрғыны бар аса ірі қалаларды, сондай-ақ, шығысында Моңғолия мен Қытайдың территориясын да қамтыды. Бұл шеңберде 20 млн. адам тұрады.

1989 жылдың ақпанында ақын КСРО-ның халық депутаты Олжас Сүлейменов Қазақстан халқына теледидар арқылы ядролық жарылыстарға қарсылық білдірген үндеу жолдады. Келесі күні Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратының алдында митинг өтіп, онда «Невада-Семей» антиядролық қозғалысын құру туралы шешім қабылданды. Наурыз айында қозғалыстың ауқымы өсіп, оны қолдаушылар саны 4 млн.-ға жетті. 1989 жылы жазда Олжас Сүлейменов КСРО депутаттарының I съезінде қозғалыстың мақсаты мен талаптарын хабарлады. Күзде Қазақстанның барлық облыстарында қозғалыстың бөлімдері құрылды. 1990 жылы мамырда Алматыда «Әлем сай-

лаушылары ядролық қаруға қарсы» атты тақырыпта халықаралық конгресс өтті. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде О. Сүлейменовтің бастамасымен Семей полигонында ядролық сынақ өткізуді тоқтату жөнінде шешім қабылданды.

1991 жылы қаңтарда БҰҰ-ның конференциясында О. Сүлейменов «Невада-Семей-Моруроа-Лоб-Нор-

Жаңа Жер» антиядролық альянстың құрылғанын хабарлады. Бұған бірнеше халықаралық ұйымдар қосылды. Тамыз айында «Невада-Семей» қозғалысы Европарламенттің ядролық қарусыздандыруға арналған халықаралық конференциясына қатысты. Қозғалыстың тарихи маңызын ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов «Дүниежүзінде біздің «Невада-Семей» қозғалысындай үлкен бедел-абыройға ие болған дүмпүлі шеруді мен білмеймін Өз маңайына еліміздің ең қанатты азаматтарын топтастырған Олжас Сүлейменов жетекшілік ететін бұл қозғалыс қазақ халқын әлемдік аренаға көтерді» деген бағасы арқылы айқын аңғаруға болады. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Семей ядролық полигонын біржола жабу туралы Жарлығы шықты. Қазіргі уақытта Семей полигоны мәңгіге жабылып, қазақтардың үлгісімен Америка, Ресей, Франция полигондарының көмейіне қорғасын құйылды. Бұл «Невада-Семей» қозғалысының әлемдік кеңістіктегі ірі жеңісі. 1993 жылы ақын О. Сүлейменов жетекшілік ететін «Невада-Семей» қозғалысының көмегімен Қазақстан 11 миллиард сомға шетелден балалар тағамы мен дәрі-дәрмектер тиелген 67 контейнер гуманитарлық көмек жеткізілді. 1998 жылы БҰҰ Семей полигоны туралы БҰҰ-ның Бас хатшысының баяндамасын тыңдап, полигоннан зардап шеккен аймаққа халықаралық көмек беру мәселесі көтерілді. Көмекке бұл ұйым 50 млн. доллар бөлді.

Ядролық сынақтан кейін ерте ме, кеш пе жергілікті халықтың радиацияның әсеріне ұшырайтыны анықталып отыр. Ғалымдар тарапынан 2010-2020 ж.ж. гендегі өзгерістер өз шыңына жетіп, «генетикалық апат» қалыптасады, дүниеге келген әрбір екінші бала гендік аномалияға ұшырайды, біртіндеп өмірге мүгедек, құбыжық, жарымжан болып келу 10 есеге артады деген болжам айтылған. Атом сынағының зардабы 734,4 мың жыл бойы сақталады екен. Осы 734,4 мың жыл бойы Кеңес одағы артқан ауыр азапты арқалап өтуге мың өліп, мың тірілген қазақтың ғұмыры жетер ме екен?!

**Ғабдол ӘУЕЗОВ,
№5 орта мектептің
тарих пәнінің
мұғалімі.**